

"Бал Айут" бөйсекшікің бағытасы

Алғыс саған, Алтын күз!

Тарбемі: Обуова Оліма
Нұманаш Нұреаулев

Топ: "Балабек" орталық тобы

2024 - 2025 окуйынды

Алғыс саған, Алтын күз

*Джемелік
Жассова*

Балалардың күз мезгілі туралы алған білімдерін тиянактау, күз ерекшеліктерін, күз сыйын ұтындыра отырып, балаларға мерекелік коніл-күй сыйлау.

Көрнекіліктер: Залдын іші күз мерекесіне сай бәзендірілген. Мысалы: шырма - құстың, ағаштың, жапырақтың суреттері, күз жәрменкесі, яғни - жемістер мен кекеністер салынған себеттер.

Жүргізуши:

Куандырып біздерді,

Мерекелі күз келді.

Кел жемісті алтын күз

Кемелденсін халқымыз.

Күрметті ата-аналар, балалар, тәрбиешілер «**Алғыс саған, Алтын күз**» атты ертеңгілігімізге кош келдіңіздер!

Жүргізуши: Шоғы толған гүлдей жайнап,

Шакырады жарқын жұз.

Сайрандаған күліп-ойнап,

Келді міне алтын күз.

I) **Қызықтыру сәті:** залға «**Күз ханшайымы**» кіреді.

Күз ханшайымы: Сәлеметсіндер ме балалар!

- Мені таныдындар ма?

- Не тойлап жатсындар?

- Күз туралы және он ың ерекшеліктері туралы кім біледі?

Балалардың жауабы: Күзде табиғат ерекше күйге енеді. Жапырактар сары, қызыл болса, алқаптағы шөптер қоңыр, сарғыш түске боялады, құстар жылы жакқа ұшып кетеді. Күн біртіндеп кыскарады, жауын –шашын көбейіп, күн сұытады. Күзде жеміс-жидектер, қоқоністер, бақша дақылдары, егістіктегі астық пісіп, камбаларға жиналады. Күз мезгілінде 3 ай бар, олар: қыркүйек, казан, қараша. Күз - жылдың берекелі мезгілі.

Күз ханшайымы: - Ой жарайсындар балалар

Қыздар биі «Колшатыр**»**

II) **Жүргізуши:** Жарайсындар, балалар. Ендеше Күз мезгіліне арнаған такпактарынды айта қойындаршы.

Али: Күз келді карашы,

Айнала сап – сары.

Астыкка толтырды,

Дикандар камбаны.

Айзере:

Бау – бақшаны жинаймыз,

Дәруменге тоймай біз.

Жемістермен жидекті,

Балаларға сыйлаймыз.

Айсұлтан: Мерекелі күз келді,

Берекелі күз келді.

Астық толып қамбаға,

Куанышты ел енді.

Аяла: Қарашы күз келді,

Сап – сары бактарда.

Құстарда кайтады,

Жып – жылы жақтарға.

Елиұр: Күз көнілсіз демендер,

Ол молшылық берекен.

Қыска азық беретін,

Қолы жомарт кең екен.

Алдияр: Күздін әнін сұық жел,

Көнілсіз бір салады.

Аспан бұлтты жасыл жер,

Сап сары боп барады.

Айым: Ән салындар келіндер,

Жайнап гүлдей жүріндер.

Күздің тойын тойлайық,

Би билейік ойнайық.

Мейірман: Алқаптан бидайды,

Қоймаға ел жинайды.

Тырнасы тізілген,

Ұнатамын Күзді мен.

- Күз Ханшайымы: Жарайсындар**, балалар, недеген тамаша. Балалар, ойын ойнауга калай қарайсындар.
- **Балалар:** - Иә, ойнаймыз. «Жемістер мен коконістердің дәмін ажырата білесінбे?» ойны

III) Жүргізуши: Біреу астық түсіріп

Біреу бидай ұшырып

Жатқан мезгіл күз екен

Алдым соны түсініп – дей отырып келесі ән шашуымызды кабыл алғызыдар.

IY) «Күз келді» ХОР.

Інкәрім: Берекесін сыйлауға,

Өлкемізге күз келді.

Жемістерін жинауға,

Шакырады біздерді.

Ғалия: Сап сары маңай,

Сап сары тогай.

Соңғы әнін айтып,

Құс кетті қайтып.

Төре: Алакай! Алакай!

Шаттанды балакай.

Күз түсті, дән пісті,

Айтамыз алғысты.

Айнамкөз: Саргайды тогай,

Сап сары маңай,

Соңғы әнін айтып

Құс кетті қайтып.

Хантөре: Алтын сары қызыл көк

Алуан алуан жапырак,

Күзгі бақта күлімдеп

Көз тартады атырап.

Бату: Алкаптан бидайды,
Қоймага ел жинайды.
Тырнасы тізілген,
Үннатамын Күзді мен.

Зулфия: Жапырак ұшты,
Суықта түсті,
Сондада бізге
Кызық көп күзде.

Жүргізуі: Күз ханшайымыңдың балаларымыңдың өнерлері бұнымен шектелмек емес. Балаларымыз ете талантты, қане торлетініз, біздің өнерімізді тамашалаңыз.

Жүргізуі: Жатыр дала жалтылдан,
Жаз шуагы мол құйды.
Күн астында алтын дән
Тербеледі толқиды

VI) Кекеністер (Ұл балалар) биі

Күз ханшайымы: Ой балалар менің көңіл-күйімді көтергендеріне сендерге көп-көп раҳмет. Өнерлерің үстем болсын ете талантты балалар екенсіндер, келесі күз келгенше білімдерінді де өнерлерінді де өрістете беріндер.

- «**Күз ханшайымы**» балаларға раҳметін айтып коштасады. Ал мен сендермен кош айтысамын, сау болындар. (Күз ханшайымы залдан шығып кетеді)

ХОР: Күз тамаша

Жүргізуі:

Берекелі бак дәүлест,
Арта түссін тойланып.
Сау болындар балалар,
Келгенше жыл айналып.

Демекші міне балалар күзде аяқталып қалды, енді қылышын сүйретіп қыс келмекші. Күзге айтарымыз берер сыйың жылдан-жылға көп болсын елде тыныштық болсын дейміз. Осымен **«Алғыс саған - Алтын Күз!»** атты ертеңгілігіміз аяқталды көңіл қойып тындағандарынызга раҳмет.

